

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП
ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР
№7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА
МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ
ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
МУГАЛЖАРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e mail:mushkata7sh
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail:mushkata7sh

«31» тамыз 2022 жыл

№106-1

«31» тамыз 2022 год

2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасының «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» 2022 жылғы 26 тамыздағы №270 бұйрығы негізінде, Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №1-565/1 қатынас хатын негізге алып

Бұйырамын:

1. 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) белгіленсін.
4. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынып, айқындалған мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін.
6. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілде №368 бұйрығы басшылыққа алынып, айқындалған мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін.
8. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
9. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу ісінің орынбасарларына жүктелсін.
/Байтанова Р., Боранбаева Г./

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар
№7 жалпы білім беретін мектебінің директоры А.Ж.Достанова



